

Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне әлеуметтік қамсыздандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 4 ақпандағы № 75-V Заңы
БАСПАСӨЗ-РЕЛИЗИ

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і !

Осы Заңның қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз.

1-бап. Қазақстан Республикасының мына заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. 2007 жылғы 15 мамырдағы Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2007 ж., № 9, 65-құжат; № 19, 147-құжат; № 20, 152-құжат; № 24, 178-құжат; 2008 ж., № 21, 97-құжат; № 23, 114-құжат; 2009 ж., № 8, 44-құжат; № 9-10, 50-құжат; № 17, 82-құжат; № 18, 84-құжат; № 24, 122, 134-құжаттар; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 10, 48-құжат; № 24, 146, 148-құжаттар; 2011 ж., № 1, 2, 3-құжаттар; № 11, 102-құжат; № 16, 128-құжат; 2012 ж., № 3, 26-құжат; № 4, 32-құжат; № 5, 41-құжат; № 6, 45-құжат; № 13, 91-құжат; № 14, 92-құжат; № 15, 97-құжат; № 21-22, 123-құжат):

1) мазмұны мынадай мазмұндағы 194-1-баптың тақырыбымен толықтырылсын:
«194-1-бап. Жүктілікке және босануға байланысты демалысқа, жаңа туған баланы (балаларды) асырап алған қызметкерлерге берілетін демалысқа ақы төлеудің ерекшеліктері»;

2) мынадай мазмұндағы 194-1-баппен толықтырылсын:
«194-1-бап. Жүктілікке және босануға байланысты демалысқа, жаңа туған баланы (балаларды) асырап алған қызметкерлерге берілетін демалысқа ақы төлеудің ерекшеліктері

Егер бұл еңбек шартының және (немесе) ұжымдық шарттың талаптарында, жұмыс берушінің актісінде көзделсе, жұмыс беруші Қазақстан Республикасының міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылған, жүктілікке және босануға, жаңа туған баланы (балаларды) асырап алуға байланысты табысынан айырылған жағдайда төленетін әлеуметтік төлем сомасын шегергендегі орташа жалақысын сақтай отырып, жүктілікке және босануға байланысты демалысқа, жаңа туған баланы (балаларды) асырап алған қызметкерлерге берілетін демалысқа ақы төлейді.»;

3) 284-баптың 2-тармағы мынадай мазмұндағы 11-1) тармақшамен толықтырылсын:
«11-1) Қазақстан Республикасының міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы

заңнамасына сәйкес жүзеге асырылған, жүктілікке және босануға, жаңа туған баланы (балаларды) асырап алуға байланысты табысынан айырылған жағдайда төленетін әлеуметтік төлем сомасын шегергендегі орташа жалақысын сақтай отырып, жүктілікке және босануға байланысты демалысқа, жаңа туған баланы (балаларды) асырап алған қызметкерлерге берілетін демалысқа ақы төлеу туралы;».

2. 2008 жылғы 10 желтоқсандағы «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2008 ж., № 22-I, 22-II, 112-құжат; 2009 ж., № 2-3, 16, 18-құжаттар; № 13-14, 63-құжат; № 15-16, 74-құжат; № 17, 82-құжат; № 18, 84-құжат; № 23, 100-құжат; № 24, 134-құжат; 2010 ж., № 1-2, 5-құжат; № 5, 23-құжат; № 7, 28, 29-құжаттар; № 11, 58-құжат; № 15, 71-құжат; № 17-18, 112-құжат; № 22, 130, 132-құжаттар; № 24, 145, 146, 149-құжаттар; 2011 ж., № 1, 2, 3-құжаттар; № 2, 21, 25-құжаттар; № 4, 37-құжат; № 6, 50-құжат; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; № 13, 116-құжат; № 14, 117-құжат; № 15, 120-құжат; № 16, 128-құжат; № 20, 151-құжат; № 21, 161-құжат; № 24, 196-құжат; 2012 ж., № 1, 5-құжат; № 2, 11, 15-құжаттар; № 3, 21, 22, 25, 27-құжаттар; № 4, 32-құжат; № 5, 35-құжат; № 6, 43, 44-құжаттар; № 8, 64-құжат; № 10, 77-құжат; № 11, 80-құжат; № 13, 91-құжат; № 14, 92-құжат; № 15, 97-құжат; № 20, 121-құжат; № 23-24, 125-құжат; 2013 ж., № 1, 128-құжат; 2013 жылғы 22 қаңтарда «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2013 жылғы 15 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңы) :

1) 581-баптың 1) тармақшасының бірінші бөлігі «жинақтаушы зейнетақы қорларының зейнетақы активтерін,» деген сөздерден кейін «Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорының активтерін,» деген сөздермен толықтырылсын;

2) 615-баптың 1-тармағының екінші бөлігі «зейнетақымен қамсыздандыру туралы,» деген сөздерден кейін «міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы,» деген сөздермен толықтырылсын.

3. «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» 1997 жылғы 20 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., № 12, 186-құжат; 1998 ж., № 24, 437-құжат; 1999 ж., № 8, 237-құжат; № 23, 925-құжат; 2001 ж., № 17-18, 245-құжат; № 20, 257-құжат; 2002 ж., № 1, 1-құжат; № 23-24, 198-құжат; 2003 ж., № 1-2, 9-құжат; № 11, 56-құжат; № 15, 139-құжат; № 21-22, 160-құжат; 2004 ж., № 11-12, 66-құжат; № 23, 140, 142-құжаттар; 2005 ж., № 7-8, 19-құжат; № 11, 39-құжат; № 14, 55, 58-құжаттар; № 23, 104-құжат; 2006 ж., № 3, 22-құжат; № 8, 45-құжат; № 12, 69-құжат; № 23, 141-құжат; 2007 ж., № 2, 18-құжат; № 3, 20-құжат; № 4, 28, 30-құжаттар; № 9, 67-құжат; № 10, 69-құжат; № 24, 178-құжат; 2008 ж., № 17-18, 72-құжат; № 20, 88-құжат; № 23, 114, 123-құжаттар; 2009

ж., № 17, 81-құжат; № 19, 88-құжат; № 23, 111-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 7, 28-құжат; № 15, 71-құжат; № 24, 140-құжат; 2011 ж., № 1, 3-құжат; № 6, 49-құжат; № 11, 102-құжат; № 14, 117-құжат; № 24, 196-құжат; 2012 ж., № 2, 14, 15-құжаттар; № 3, 26-құжат; № 4, 32-құжат; № 10, 77-құжат; № 13, 91-құжат; № 14, 95-құжат; № 23-24, 125-құжат; 2013 ж., № 1, 128-құжат):

1) 1-бап мынадай мазмұндағы 35-1) тармақшамен толықтырылсын:
«35-1) міндетті зейнетақы жарналары бойынша берешек – есептелген, ұстап қалынған (есебіне жазылған) және жинақтаушы зейнетақы қорларына аударылмаған міндетті зейнетақы жарналары»;»;

2) 1-тарау мынадай мазмұндағы 6-1, 6-2 және 6-3-баптармен толықтырылсын:
«6-1-бап. Қазақстан Республикасы Үкіметінің зейнетақымен қамсыздандыру саласындағы құзыреті Қазақстан Республикасының Үкіметі зейнетақымен қамсыздандыру саласында:

1) зейнетақымен қамсыздандыру саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын әзірлейді және оларды жүзеге асыруды ұйымдастырады;

2) мемлекеттік базалық зейнетақы төлемін бюджет қаражаты есебінен жүзеге асыру, сондай-ақ Орталықтан төленетін зейнетақы төлемдерін тағайындау және жүзеге асыру қағидаларын бекітеді;

3) міндетті зейнетақы жарналарын есептеу, ұстап қалу (есебіне жазу) және аудару тәртібі мен мерзімдерін бекітеді;

4) судья теріс себептер бойынша лауазымынан босатылған жағдайда, судьялар үшін қосымша белгіленген міндетті зейнетақы жарналарының сомаларын алып қою және бюджетке аудару қағидаларын бекітеді;

5) жинақтаушы зейнетақы қорларынан міндетті зейнетақы жарналары, ерікті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен қалыптасқан зейнетақы жинақтарынан зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру қағидаларын және кесте бойынша зейнетақы төлемдерінің мөлшерін есептеуді жүзеге асыру әдістемесін бекітеді;

6) салымшыда (алушыда) міндетті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы әртүрлі жинақтаушы зейнетақы қорларымен жасалған екі және одан да көп шарт болған кезде бірнеше жинақтаушы зейнетақы қорларынан зейнетақы жинақтарын олардың біреуіне аудару қағидаларын бекітеді;

7) өзіне Қазақстан Республикасының Конституциясымен, осы Заңмен, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарымен және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерімен жүктелген өзге де функцияларды орындайды.

6-2-бап. Халықты әлеуметтік қорғау саласындағы орталық атқарушы органның құзыреті

Халықты әлеуметтік қорғау саласындағы орталық атқарушы орган:

1) салымшылар өз қаражаты есебінен қызметкерлер пайдасына ерікті кәсіптік зейнетақы жарналарын жүзеге асыратын олардың кәсіптерінің тізбесін әзірлейді;

- 2) Орталықтан төленетін зейнетақы төлемдерінің мөлшерлерін жыл сайын арттыру тәртібін әзірлейді;
- 3) Орталықтан төленетін зейнетақыларды бір жарым есе мөлшерде тағайындауға еңбек өтілін жеңілдікпен есептеу үшін сот-медициналық сараптама мекемелеріндегі, емдеу мекемелерінің патологиялық-анатомиялық бөлімшелеріндегі жұмыстардың тізбесін әзірлейді;
- 4) толық маусым ішіндегі жұмыс зейнетақы тағайындау үшін бір жылғы жұмыс өтіліне есепке алынатын өнеркәсіптің маусымдық салаларының тізімін әзірлейді;
- 5) Орталықтан төленетін зейнетақы төлемдерінің мөлшерін есептеу үшін өндірістердің, жұмыстардың, кәсіптердің, лауазымдар мен көрсеткіштердің № 1 тізімін әзірлейді;
- 6) міндетті зейнетақы жарналары бойынша салымшылардың (алушылардың) дерекқорын және міндетті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарт жасасқан жеке тұлғалардың бірыңғай тізімін қалыптастыру қағидаларын әзірлейді;
- 7) салымшылардың (алушылардың) зейнетақы жинақтарын аудару кезінде туындаған жинақтаушы зейнетақы қорларының міндеттемелері бойынша өзара есеп айырысу қағидаларын әзірлейді;
- 8) жинақтаушы зейнетақы қорларына міндетті зейнетақы жарналарын есептеу, ұстап қалу (есебіне жазу) және аудару тәртібі мен мерзімдерін әзірлейді;
- 9) агенттер 2005 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша әлеуметтік жеке кодының және (немесе) салық төлеушінің тіркеу нөмірінің және (немесе) жинақтаушы зейнетақы қорымен жасалған зейнетақы шартының болмауына байланысты, тұрған жері белгісіз бұрынғы қызметкерлердің табыстарынан ұстап қалған және аудармаған міндетті зейнетақы жарналарын аудару қағидаларын әзірлейді;
- 10) ерікті кәсіптік зейнетақы жарналарын есептеу үшін қолданылатын ай сайынғы табысты айқындау қағидаларын әзірлейді;
- 11) жинақтаушы зейнетақы қорларынан міндетті зейнетақы жарналары, ерікті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен қалыптасқан зейнетақы жинақтарынан зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру қағидаларын және кесте бойынша зейнетақы төлемдерінің мөлшерін есептеуді жүзеге асыру әдістемесін әзірлейді;
- 12) салымшыда (алушыда) міндетті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы әртүрлі жинақтаушы зейнетақы қорларымен жасалған екі және одан да көп шарт болған кезде бірнеше жинақтаушы зейнетақы қорларынан зейнетақы жинақтарын олардың біреуіне аудару қағидаларын әзірлейді;
- 13) міндетті зейнетақы жарналары есебінен салымшының (алушының) зейнетақы жинақтарын бір жинақтаушы зейнетақы қорынан басқасына электрондық терминалдар арқылы аудару қағидаларын әзірлейді;
- 14) салымшылармен (алушылармен) міндетті зейнетақы жарналары есебінен

зейнетақымен қамсыздандыру туралы жасалған және қолданысын тоқтатқан шарттар туралы мәліметтерді жинақтаушы зейнетақы қорларының электрондық құжат айналымын пайдалана отырып, Орталыққа ұсыну қағидаларын әзірлейді;

15) жинақтаушы зейнетақы қорларының комиссиялық сыйақы алу қағидаларын әзірлейді;

16) осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.
6-3-бап. Уәкілетті органның құзыреті
Уәкілетті орган:

1) қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу және қадағалау бөлігіндегі нормативтік құқықтық актілерді әзірлейді және бекітеді;

2) осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерінде көзделген өзге де функцияларды жүзеге асырады.»;

3) 13 - бапта:

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Орталықтан төленетін зейнетақы төлемдерінің мөлшерін есептеу 1995 жылғы 1 қаңтардан бастап жұмыста үзілістер болғанына қарамастан, қатарынан кез келген үш жыл ішіндегі орташа айлық табыс негізге алына отырып жүзеге асырылады.

«Байқоңыр» кешенінің ресейлік ұйымдарында жұмыс істеген кезеңде алған табысты қоспағанда, 1998 жылғы 1 қаңтардан басталған кезең ішіндегі орташа айлық табыстың мөлшері халықты әлеуметтік қорғау саласындағы орталық атқарушы орган айқындайтын тәртіппен жинақтаушы зейнетақы қорларына міндетті зейнетақы жарналары жүзеге асырылған табысқа сәйкес белгіленеді.»;

мынадай мазмұндағы 2-1-тармақпен толықтырылсын:

«2-1. «Байқоңыр» кешенінің ресейлік ұйымдарында жұмыс істеген адамдарға 1998 жылғы 1 қаңтардан басталған кезең ішіндегі орташа айлық табыстың мөлшері жұмыс беруші беретін табыс туралы анықтамамен расталатын табысқа сәйкес белгіленеді.

Зейнетақы төлемдерін есептеу зейнетақы төлемдерін тағайындауға өтініш жасаған күні уәкілетті орган белгілеген, Қазақстан Республикасы ұлттық валютасының шетел валюталарына ресми бағамы бойынша Ресей Федерациясының валютасымен төленген табыс мөлшері негізге алына отырып жүргізіледі.»;

4) 15-баптың 2-тармағындағы «Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен» деген сөздер алып тасталсын;

5) 22 - бапта:

4-1-тармақтың бірінші абзацы «Ұстап қалынған» деген сөздерден кейін «(есебіне жазылған)» деген сөздермен толықтырылсын;

7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«7. Агенттер 2005 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша әлеуметтік жеке кодының және (немесе) салық төлеушінің тіркеу нөмірінің және (немесе) жинақтаушы зейнетақы қорларымен жасалған зейнетақы шарттарының болмауына байланысты, тұрған жері белгісіз бұрынғы қызметкерлердің табыстарынан ұстап қалған және аудармаған міндетті зейнетақы жарналарын агенттер 2005 жылғы 1 қаңтарға дейін есебіне жазылған өсімпұлмен қоса, Қазақстан Республикасының Үкіметі белгіленген тәртіппен 2014 жылғы 1 қаңтарға дейін бюджетке аударды.

Бұл ретте, 2005 жылғы 1 қаңтардан кейін есебіне жазылған өсімпұл есептен шығаруға жатады.

Бюджетке аударылған міндетті зейнетақы жарналары мен өсімпұлдар сомаларын – бұрынғы қызметкерлер, ал олар қайтыс болған немесе қайтыс болды деп жарияланған жағдайда мұрагерлері Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкесталап ете алады.»;

6) 22 - 1 - бапта:

1-тармақтағы «осы баптың 3-тармағына сәйкес айқындалатын» деген сөздер «Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын» деген сөздермен ауыстырылсын;

1-1-тармақтың екінші бөлігіндегі «келеңсіз» деген сөз «теріс» деген сөзбен, «республикалық бюджетке алынады» деген сөздер «алынады және республикалық бюджетке аударылады» деген сөздермен ауыстырылсын;

3 - тармақ алып тасталсын;

7) 22-4-баптың 2-тармағы мынадай мазмұндағы үшінші бөлікпен толықтырылсын:

«Егер міндетті зейнетақы жарналары бойынша берешек республикалық бюджет туралы заңда белгіленген бір айлық есептік көрсеткіш мөлшеріндегі сомадан аспайтын болса, мұндай хабарлама жіберілмейді.»;

8) 23 - баптың 1 - тармағында:

2) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«2) еркектер – елу бес жасқа және әйелдер елу жасқа толғанда, осы Заңның 31-1-бабының 2-тармағына сәйкес, республикалық бюджет туралы заңда белгіленген ең төмен зейнетақы мөлшерінен кем емес төлемді қамтамасыз ету үшін зейнетақы жинақтары жеткілікті болғанда;»;

5) тармақшаның екінші сөйлемі алып тасталсын;

9) 23 - 3 - бапта:

4-тармақтың бірінші сөйлемі алып тасталсын;

5 - тармақ алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 5-1-тармақпен толықтырылсын:

«5-1. Зейнетақы төлемдерін жинақтаушы зейнетақы қоры деректемелері зейнетақы төлемдерін тағайындау туралы алушының өтінішінде көрсетілетін алушының банктік шотына аударды.

Зейнетақы жинақтарын айырбастау сомаларын қоспағанда, оларды аударуға, есепке

жатқызуға және төлеуге байланысты банктік қызметтерге ақы төлеу жинақтаушы зейнетақы қорының өз қаражаты есебінен жүзеге асырылады.»;

10) 24-бап мынадай мазмұндағы 1-1-тармақпен толықтырылсын:

«1-1. Міндетті зейнетақы жарналарының есептелген, ұстап қалынған (есебіне жазылған) және аударылған сомалары бойынша есеп-қисап салық органдарына осы Заңның 22-бабының 3, 3-1 және 3-2-тармақтарына сәйкес міндетті зейнетақы жарналарын төлеуден босатылған адамдар бойынша ұсынылмайды.»;

11) 25-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Салымшының, алушының, Орталықтың, жинақтаушы зейнетақы қорының, кастодиан банктің және зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның борыштары бойынша міндетті зейнетақы жарналарына, өсімпұлдарға, зейнетақы активтері мен зейнетақы жинақтарына, оның ішінде аталған субъектілер таратылған және (немесе) банкрот болған жағдайларда, тыйым салуға немесе олардан өндіріп алуға жол берілмейді.»;

1 2) 3 1 - 1 - б а п т а :

1-тармақтың екінші сөйлеміндегі «ай сайынғы сақтандыру төлемдері» деген сөздер «айлық сақтандыру төлемінің мөлшері» деген сөздермен ауыстырылсын;

2-тармақтың екінші бөлігінің екінші сөйлеміндегі «ай сайынғы сақтандыру төлемдерінің» деген сөздер «айлық сақтандыру төлемінің» деген сөздермен ауыстырылсын ;

мынадай мазмұндағы 6-тармақпен толықтырылсын:

«6. Сақтандыру төлемдерін сақтандыру ұйымы деректемелері зейнетақы аннуитеті шартында көрсетілетін сақтанушының банктік шотына аударады.

Сақтандыру төлемдерінің сомасын аударуға, есепке жатқызуға және төлеуге байланысты банктік қызметтерге ақы төлеу сақтандыру ұйымының өз қаражаты есебінен жүзеге асырылады.»;

13) 31-2-бап мынадай мазмұндағы 7-тармақпен толықтырылсын:

«7. Осы Заңның 9-бабының 1-3-тармақтарында, 23-бабы 1-тармағының 2) және 3) тармақшаларында және 23-2-бабы 1-тармағының 1) тармақшасында көрсетілген адамдардың зейнетақы жинақтарының жеткіліктілігі зейнетақы аннуитеті шарты бойынша сақтандыру сыйлықақысының сомасынан асып кеткен жағдайда, осы адамдар бірнеше сақтандыру ұйымымен зейнетақы аннуитеті шарттарын жасасуға құқылы.»;

14) 31-3-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы 1-1) және 1-2) тармақшалармен толықтырылсын :

«1-1) зейнетақы жинақтары жеткіліксіз болған кезде зейнетақы аннуитеті шарты бойынша сақтандыру сыйлықақысын төлеу үшін жетіспейтін соманы ерікті зейнетақы жарналары мен ерікті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен қалыптастырылған зейнетақы жинақтарын біріктіру арқылы міндетті зейнетақы жарналары есебінен қосымша төлеуді жүзеге асыруға ;

1-2) зейнетақы жинақтары жеткіліксіз болған кезде зейнетақы аннуитеті шарты бойынша сақтандыру сыйлықақысын төлеу үшін жетіспейтін соманы ерікті зейнетақы жарналары мен ерікті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен қалыптастырылған зейнетақы жинақтарын біріктіру арқылы міндетті зейнетақы жарналары есебінен сақтандыру ұйымының шотына өз ақшасынан қосымша төлеуді жүзеге асыруға;»;

15) 31-4-баптың 1-тармағындағы «күнтізбелік отыз күн ішінде» деген сөздер «бес жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде» деген сөздермен ауыстырылсын;

16) 31-5-бап мынадай редакцияда жазылсын:
«31-5-бап. Зейнетақы аннуитеті шарттары бойынша сақтандыру сыйлықақысы мен сақтандыру төлемдерін есептеуді
ж ү з е г е а с ы р у

1. Сақтандыру сыйлықақысы мен сақтандыру төлемін есептеуді уәкілетті орган белгілеген әдістемеге сәйкес сақтандыру ұйымы не тәуелсіз сарапшы жүзеге асырады.

2. Сақтандыру ұйымының жасалатын зейнетақы аннуитеті шарттары бойынша іс жүргізуге жұмсалатын шығыстарының жол берілетін деңгейін уәкілетті орган б е л г і л е й д і .

3. Зейнетақы аннуитеті шарты бойынша сақтандыру төлемдері мерзімдік сақтандыру төлемдерін және сақтанушының қалауы бойынша біржолғы сақтандыру т ө л е м і н қ а м т и д ы .

Мерзімдік сақтандыру төлемдері осы Заңның 31-1-бабының талаптарына сәйкес зейнетақы аннуитеті шарты тараптарының келісімі бойынша ай сайын, тоқсан сайын немесе өзге де тәртіппен, бірақ жылына кемінде бір рет жүзеге асырылады.

Сақтандыру ұйымы бірінші мерзімдік сақтандыру төлемін зейнетақы аннуитеті шарты бойынша сақтандыру ұйымына зейнетақы жинақтарын аударған кезден бастап он жұмыс күнінен кешіктірмей жүзеге асырады.

4. Біржолғы сақтандыру төлемінің мөлшері жинақтаушы зейнетақы қорынан сақтандыру ұйымына аударылатын зейнетақы жинақтарының сомасына қарай, м ы н а д а й :

1) егер аударылатын зейнетақы жинақтарының сомасы республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және зейнетақы аннуитеті шартын жасасқан күні қолданыста болған айлық есептік көрсеткіштің 7 000 еселенген мөлшерінен аспайтын болса, сақтандыру сыйлықақысы сомасының он пайызынан аспайтын;

2) егер аударылатын зейнетақы жинақтарының сомасы республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және зейнетақы аннуитеті шартын жасасқан күні қолданыста болған айлық есептік көрсеткіштің 7 000 еселенген мөлшерінен асып кеткенімен, айлық есептік көрсеткіштің 15 000 еселенген мөлшерінен аспайтын болса, сақтандыру сыйлықақысы сомасының жиырма пайызынан аспайтын;

3) егер аударылатын зейнетақы жинақтарының сомасы республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және зейнетақы аннуитеті шартын жасасқан күні қолданыста

болған айлық есептік көрсеткіштің 15 000 еселенген мөлшерінен асып кетсе, сақтандыру сыйлықақысы сомасының отыз пайызынан аспайтын мөлшерде белгіленеді .

Салымшымен зейнетақы аннуитеті шартын жасасқаннан кейін қалған не қайта қалыптасқан зейнетақы жинақтарын жинақтаушы зейнетақы қорынан сақтандыру ұйымына ішінара немесе толық аударған кезде біржолғы сақтандыру төлемін жүзеге асыруға жол берілмейді .

5. Сақтандырушы осы баптың 4-тармағында көзделген талаппен зейнетақы аннуитеті шартын жасасу бойынша делдалдық қызмет көрсеткені үшін сақтандыру агентіне төлейтін комиссиялық сыйақының мөлшерін сақтандыру ұйымы зейнетақы аннуитеті шартын жасасқан адамға сақтандыру ұйымы төлейтін біржолғы сақтандыру төлемін есепке алмастан, есебіне жазылған сақтандыру сыйлықақысы мөлшеріне қарай есептейді . » .

4. «Міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы» 2003 жылғы 25 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., № 9, 41-құжат; 2004 ж., № 23, 140, 142-құжаттар; 2006 ж., № 23, 141-құжат; 2007 ж., № 3, 20-құжат; № 20, 152-құжат; № 24, 178-құжат; 2008 ж., № 23, 114-құжат; 2009 ж., № 9 -10, 50-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 7, 28-құжат; 2011 ж., № 6, 49-құжат; № 11, 102-құжат; № 14, 117-құжат; 2012 ж., № 2, 14-құжат; № 3, 26-құжат; № 4, 32-құжат; № 8, 64-құжат; № 14, 95-құжат; № 23-24, 125-құжат):
1) 1 - б а п т а :

мынадай мазмұндағы 3-1) тармақшамен толықтырылсын:

«3-1) әлеуметтік аударымдар бойынша берешек – есептелген және мерзімінде аударылмаған әлеуметтік аударымдар сомасы;»;

9) тармақшадағы «ай сайынғы» деген сөздер алып тасталсын;

11) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«11) әлеуметтік төлемді алушы (бұдан әрі – алушы) – әлеуметтік қатер төнгенге дейін Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына ол үшін әлеуметтік аударымдар жүргізілген не өзін-өзі жұмыспен қамтыған адам ретінде оларды өзі төлеген және әлеуметтік төлемдер тағайындау жөніндегі уәкілетті орган оған қатысты әлеуметтік төлемдер тағайындау туралы шешім шығарған жеке тұлға, ал міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесінің өзі үшін әлеуметтік аударымдар жүргізілген қатысушысы болып табылатын адам қайтыс болған жағдайда – қайтыс болған (сот хабар-ошарсыз кетті деп таныған немесе қайтыс болды деп жариялаған) асыраушының асырауында болған отбасы мүшелері; » ;

13) тармақша «қатысушының» деген сөзден кейін «жалпы» деген сөзбен толықтырылсын ;

мынадай мазмұндағы 13-1) тармақшамен толықтырылсын:

«13-1) еңбекке жарамсыздық күндері санының коэффициенті – еңбекке уақытша

жарамсыздық парағында көрсетілген күндер санына қарай айқындалатын коэффициент ; » ;

15) тармақшадағы «аударымдар алымын жинауды» деген сөздер «аударымдарды шоғырландыруды» деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 6-бап мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:
«Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар әлеуметтік төлемдерді алу құқығын Қазақстан Республикасының азаматтарымен тең пайдаланады.»;

3) 8-бап мынадай редакцияда жазылсын:
«8-бап. Міндетті әлеуметтік сақтандыруға жататын адамдар Орталықтан төленетін зейнетақы төлемдерін алушыларды қоспағанда, Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын және Қазақстан Республикасының аумағында табыс әкелетін қызметті жүзеге асыратын шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарды қоса алғанда, қызметкерлер, өзін-өзі жұмыспен қамтыған адамдар міндетті әлеуметтік сақтандыруға жатады.»;

4) мынадай мазмұндағы 8-1-баппен толықтырылсын:
«8-1-бап. Қазақстан Республикасы Үкіметінің міндетті әлеуметтік сақтандыру саласындағы құзыреті

Қазақстан Республикасының Үкіметі міндетті әлеуметтік сақтандыру саласында:

1) Қор активтерінен алынатын комиссиялық сыйақының пайыздық мөлшерлемесінің шекті шамасын жыл сайын белгілейді;

2) әлеуметтік аударымдарды есептеу мен аударудың тәртібін және мерзімдерін б е к і т е д і ;

3) Қордан төленетін әлеуметтік төлемдер мөлшерін есептеу (айқындау), қайта есептеу және арттыру қағидаларын бекітеді;

4) еңбек ету қабілетінен айырылған және асыраушысынан айырылған жағдайда Қордан төленетін әлеуметтік төлемдердің мөлшерін арттыру туралы шешім қ а б ы л д а й д ы ;

5) өзіне Қазақстан Республикасының Конституциясымен, осы Заңмен, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарымен және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерімен жүктелген өзге де функцияларды орындайды.»;

5) 1 0 - б а п т а :

1-тармақтың 3) тармақшасындағы «алуға құқығы бар.» деген сөздер «алуға;» деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 4) тармақшамен толықтырылсын:

«4) әлеуметтік төлемдерді тағайындау үшін қажетті құжаттардың қолданылу мерзімі аяқталған кезде әлеуметтік төлемді тоқтата тұруға құқығы бар.»;

2-тармақ мынадай мазмұндағы 1-1) тармақшамен толықтырылсын:

«1-1) қате есепке жатқызылған немесе артық төленген әлеуметтік аударымдар және (немесе) әлеуметтік аударымдарды уақтылы және (немесе) толық төлемегені үшін

өсімпұлдар сомаларын қайтаруды жүзеге асыруға;»;
б) 11-бап мынадай редакцияда жазылсын:
«11-бап. Уәкілетті органның құзыреті
Уәкілетті орган:

1) Қордың қаржылық тұрақтылығын талдауды, бағалауды және бақылауды жүзеге асырады;

2) өзінің бақылау және қадағалау функцияларын қамтамасыз ету үшін Қордың қаржылық және өзге де есептілігінің тізбесін, нысандарын, оны ұсыну мерзімдерін айқындайды;

3) Қордың басшы қызметкерлерін тағайындауға келісім береді;

4) Қор қызметі туралы мәліметтерді, сондай-ақ мемлекеттік органдар мен ұйымдардан өзінің бақылау және қадағалау функцияларын жүзеге асыру үшін қажетті мәліметтер алуға құқылы;

5) Қазақстан Республикасының мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы заңнамасында белгіленген тәртіппен Қордың қызметін ішкі бақылауды жүзеге асырады;

6) Қордың қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз ететін нормалар мен лимиттерді әзірлейді;

7) Қор активтерін инвестициялау үшін қаржы құралдарының тізбесін әзірлейді;

8) Қордың бағалы қағаздарға және басқа да қаржы құралдарына байланысты қызметті жүзеге асыру тәртібін әзірлейді;

9) Қор активтерінен алынатын комиссиялық сыйақының пайыздық мөлшерлемесінің шекті шамасын белгілеу туралы жыл сайын ұсыныс әзірлейді;

10) әлеуметтік аударымдарды есептеу мен аударудың тәртібін және мерзімдерін әзірлейді;

11) Қордан төленетін әлеуметтік төлемдер мөлшерін есептеу (айқындау), қайта есептеу және арттыру қағидаларын әзірлейді;

12) еңбек ету қабілетінен айырылған және асыраушысынан айырылған жағдайда, Қордан төленетін әлеуметтік төлемдердің мөлшерлерін арттыру туралы ұсыныс әзірлейді;

13) әлеуметтік төлемдер тағайындау жөніндегі уәкілетті органның, Орталықтың және (немесе) Қордың кінәсінен уақтылы алынбаған не толық алынбаған әлеуметтік төлемдер сомаларын төлеу қағидаларын әзірлейді;

14) осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.»;

7) 12-баптың 2-тармағының 4) тармақшасындағы «сақтауға міндетті.» деген сөздер «сақтауға;» деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 5) тармақшамен толықтырылсын:

«5) әлеуметтік төлемдерді алу кезеңінде әлеуметтік төлемдер бойынша Қор міндеттемелерінің орындалуына әсер ететін барлық өзгерістер туралы, осындай өзгерістер туындаған күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде Орталықтың құрылымдық бөлімшелерін хабардар етуге міндетті.»;

8) 13-баптың 1-тармағының 1) тармақшасындағы «әлеуметтік аударым сомаларын» деген сөздер «әлеуметтік аударымдар және (немесе) әлеуметтік аударымдарды уақтылы және (немесе) толық төлемегені үшін өсімпұлдар сомаларын» деген сөздермен ауыстырылсын ;

9) 15 - б а п т а :
2 - т а р м а қ т а :

екінші бөліктегі «Қазақстан Республикасының заң актілерінде» деген сөздер « республикалық бюджет туралы заңда» деген сөздермен ауыстырылсын; мынадай мазмұндағы үшінші бөлікпен толықтырылсын:

«Егер күнтізбелік айда қызметкердің есебіне жазылған табыстардың жалпы сомасы республикалық бюджет туралы заңда белгіленген жалақының ең төмен мөлшерінен кем болса, онда әлеуметтік аударымдарды есептеу объектісі жалақының ең төмен мөлшері негізге алына отырып айқындалады.»;

3 - т а р м а қ а л ы п т а с т а л с ы н ;

10) 17-баптың 2-тармағы мынадай мазмұндағы үшінші бөлікпен толықтырылсын:

«Егер әлеуметтік аударымдар бойынша берешек республикалық бюджет туралы заңда белгіленген бір айлық есептік көрсеткіш мөлшеріндегі сомадан аспайтын болса, мұндай хабарлама жіберілмейді.»;

11) 19-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«19-бап. Артық (қате) төленген әлеуметтік аударымдарды және (немесе) әлеуметтік аударымдарды уақтылы және (немесе) толық төлемегені үшін өсімпұлдарды қайтару

Төлеуші артық (қате) төлеген әлеуметтік аударымдар және (немесе) әлеуметтік аударымдарды уақтылы және (немесе) толық төлемегені үшін өсімпұлдар сомалары төлеушінің банктік шотына банктік үш күн ішінде Орталықтың кейіннен аударуы үшін төлеушінің өтініші Қорға келіп түскен күннен бастап банктік жеті күн ішінде Орталықтың банктік шотына аударылуға жатады.»;

12) 20-баптың 1 және 6-тармақтары мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Әлеуметтік төлемдерді тағайындауға өтініш жасау өтініш берушінің тұрғылықты жері бойынша Орталықтың құрылымдық бөлімшелеріне өтініш беру арқылы жүзеге асырылады. Өтінішке тізбесі осы Заңмен белгіленетін құжаттар қоса беріледі.» ;

«6. Қордан төленетін әлеуметтік төлемдер Қордан төленетін әлеуметтік төлемдерге құқық туындаған күннен бастап тағайындалады. Қордан төленетін әлеуметтік төлемдерге құқық:

еңбек ету қабілетінен айырылған жағдайда – әлеуметтік төлемдер тағайындау жөніндегі уәкілетті орган міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесінің Қорға өзі үшін әлеуметтік аударымдар жүргізілген қатысушысының жалпы еңбек ету қабілетінен айырылу дәрежесін белгілеген күннен бастап; асыраушысынан айырылған жағдайда – қайтыс болу туралы куәлікте көрсетілген қайтыс болған күнінен бастап не азаматты хабар-ошарсыз кетті деп тану туралы немесе азаматты қайтыс болды деп жариялау туралы сот шешімінде көрсетілген күннен бастап т у ы н д а й д ы .

Асыраушысынан айырылған жағдайда төленетін әлеуметтік төлем үлесін бөлу құқығы әлеуметтік төлемдер тағайындау жөніндегі уәкілетті органға оны бөлу үшін өтініш жасалған күннен бастап туындайды; жұмысынан айырылған жағдайда – міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесінің Қорға өзі үшін әлеуметтік аударымдар жүргізілген қатысушысының жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі уәкілетті органға жұмыссыз ретінде тіркелу үшін өтініш жасаған күннен бастап;

жүктілікке және босануға байланысты табысынан айырылған жағдайда – еңбекке уақытша жарамсыздық парағында көрсетілген жүктілікке және босануға байланысты демалыс берілген күннен бастап;

жаңа туған баланы (балаларды) асырап алуға байланысты табысынан айырылған жағдайда – еңбекке уақытша жарамсыздық парағында көрсетілген, жаңа туған баланы (балаларды) асырап алған қызметкерлерге демалыс берілген күннен бастап;

бала бір жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты табысынан айырылған жағдайда – баланың туу туралы куәлігінде көрсетілген туған күнінен бастап, баланы (балаларды) асырап алған және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған бір жасқа дейінгі балаға қорғаншылық тағайындалған жағдайларда – баланы (балаларды) асырап алу туралы сот шешімі заңды күшіне енген күннен бастап немесе қорғаншы тағайындалған күннен бастап туындайды .

Жұмысынан айырылған, жүктілікке және босануға, жаңа туған баланы (балаларды) асырап алуға және бала бір жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты табысынан айырылған жағдайларда Қордан төленетін әлеуметтік төлемдерді тағайындауға өтініш жасау мерзімдері Қордан төленетін әлеуметтік төлемдерге құқық туындаған күннен бастап он екі айдан аспауға тиіс.»;

13) 21, 22, 23, 23-1 және 23-2-баптар мынадай редакцияда жазылсын:
«21-бап. Еңбек ету қабілетінен айырылған жағдайда төленетін әлеуметтік төлемді тағайындау және оның мөлшері

1. Еңбек ету қабілетінен айырылған жағдайда төленетін әлеуметтік төлем міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесінің өзі үшін әлеуметтік аударымдар жүргізілген қатысушысына әлеуметтік төлем алуға өтініш жасаған уақытқа қарай жұмысты тоқтатқанына немесе істеп жатқанына қарамастан тағайындалады.

2. Еңбек ету қабілетінен айырылған жағдайда төленетін әлеуметтік төлемді тағайындау үшін өтінішке:

- 1) жеке басты куәландыратын құжат;
- 2) тұрғылықты жері туралы мәліметтер (мекенжай анықтамасы немесе ауылдық (селолық) округ әкімінің анықтамасы);
- 3) жалпы еңбек ету қабілетінен айырылу дәрежесін куәландыруды жүргізу және белгілеу туралы мәліметтер;
- 4) банктерде және (немесе) банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарда ашылған банктік шотының нөмірі не түзеу мекемесінің қолма-қол ақшаны бақылау шоты туралы мәліметтер қоса беріледі.

3. Адамның жалпы еңбек ету қабілетінен айырылу дәрежесін куәландыруды және белгілеуді халықты әлеуметтік қорғау саласындағы уәкілетті органның аумақтық бөлімшелері Қазақстан Республикасының мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы заңнамасына сәйкес медициналық-әлеуметтік сараптама жүргізу арқылы жүзеге асырады.

4. Еңбек ету қабілетінен айырылған жағдайда төленетін әлеуметтік төлем Қордан төленетін әлеуметтік төлемдерге құқық туындаған күннен бастап еңбек ету қабілетінен айырылған деп белгіленген бүкіл кезеңге тағайындалады.

Еңбек ету қабілетінен айырылу дәрежесі өзгерген жағдайда, әлеуметтік төлем еңбек ету қабілетінен айырылу дәрежесі өзгерген күннен бастап еңбек ету қабілетінен айырылудың жаңадан белгіленген дәрежесіне сәйкес келетін мөлшерде жүзеге асырылады. Бұл ретте, әлеуметтік төлемдер тағайындау жөніндегі уәкілетті орган әлеуметтік төлемдер мөлшерінің өзгергені туралы шығарылған шешімге қатысты Орталықты және оның құрылымдық бөлімшелерін үш жұмыс күні ішінде хабардар етеді.

5. Еңбек ету қабілетінен айырылған жағдайда төленетін ай сайынғы әлеуметтік төлем мөлшері республикалық бюджет туралы заңда белгіленген жалақының ең төмен мөлшерінің сексен пайызын шегеріп, әлеуметтік аударымдарды есептеу объектісі ретінде ескерілген табыстың орташа айлық мөлшерін табысты ауыстырудың, еңбек ету қабілетінен айырылуының және қатысу өтілінің тиісті коэффициенттеріне көбейту арқылы айқындалады.

Әлеуметтік аударымдарды есептеу объектісі ретінде ескерілген табыстың орташа айлық мөлшері әлеуметтік төлемге құқық басталған айдың алдындағы соңғы күнтізбелік жиырма төрт ай ішінде әлеуметтік аударымдар жүргізілген (осы кезеңде әлеуметтік аударымдарда үзілістердің болу-болмауына қарамастан) табыстар сомасын жиырма төртке бөлу арқылы айқындалады.

Бұл ретте, табысты ауыстыру коэффициенті 0,6 болады.

Еңбек ету қабілетінен айырылу коэффициенті: жалпы еңбек ету қабілетінен айырылу дәрежесі сексеннен жүз пайызға дейін

болатын, еңбек ету қабілетінен айырылған адамдар үшін – 0,7;
жалпы еңбек ету қабілетінен айырылу дәрежесі алпыстан сексен пайызға дейін
болатын, еңбек ету қабілетінен айырылған адамдар үшін – 0,5;
жалпы еңбек ету қабілетінен айырылу дәрежесі отыздан алпыс пайызға дейін
болатын, еңбек ету қабілетінен айырылған адамдар үшін 0,3 болады.

Міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесінің өзі үшін әлеуметтік аударымдар жүргізілген қатысушысы үшін қатысу өтілінің коэффициенті:

алты айдан кем болғанда – 0,1;
алты айдан он екі айға дейін – 0,7;
он екі айдан жиырма төрт айға дейін – 0,75;
жиырма төрт айдан отыз алты айға дейін – 0,85;
отыз алты айдан қырық сегіз айға дейін – 0,9;
қырық сегіз айдан алпыс айға дейін – 0,95;
алпыс ай және одан да көп айларға – 1,0 болады.

6. Еңбек ету қабілетінен айырылған жағдайда төленетін әлеуметтік төлем:

1) алушыға Орталықтан төленетін зейнетақы төлемдері тағайындалған күннен б а с т а п ;

2) алушының қайтыс болуына (соттың хабар-ошарсыз кетті деп тануына немесе қайтыс болды деп жариялауына) байланысты тоқтатылады. Әлеуметтік төлем оны алушы қайтыс болған (соттың хабар-ошарсыз кетті деп тану туралы немесе қайтыс болды деп жариялау туралы шешімі заңды күшіне енген күннен бастап) айды қоса алғанда, жү з е г е а с ы р ы л а д ы ;

3) әлеуметтік төлемдер тағайындау жөніндегі уәкілетті орган алушыны еңбек етуге қабілетті деп тану туралы шешім шығарған күннен бастап тоқтатылады.

7. Еңбек ету қабілетінен айырылған жағдайда төленетін әлеуметтік төлем алушының еңбек ету қабілетінен айырылған деп белгілеген кезеңі аяқталған күннен бастап еңбек ету қабілетінен айырылған деп кезекті кезең белгіленгенге дейін т о қ т а т ы л а т ұ р а д ы .

22-бап. Асыраушысынан айырылған жағдайда төленетін әлеуметтік төлемді тағайындау және оның мөлшері

1. Қайтыс болған (сот хабар-ошарсыз кетті деп таныған немесе қайтыс болды деп жариялаған) асыраушының – міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесінің өзі үшін әлеуметтік аударымдар жүргізілген қатысушысының мына отбасы мүшелерінің:

1) он сегіз жасқа толмаған және егер осы жастан асқан балалары он сегіз жасқа толғанға дейін мүгедек болып қалса, олардың, оның ішінде асырап алған балаларының, аға-інілерінің, апа-сіңлілері мен немерелерінің асыраушысынан айырылған жағдайда төленетін әлеуметтік төлемдердің тағайындалуына және оларды алуға құқығы бар. Бұл ретте, аға-інілерінің, апа-сіңлілері мен немерелерінің еңбек етуге қабілетті ата-анасы болмаған немесе олар ата-анасынан алименттер алмаған жағдайда, олардың да осындай

құқығы бар. Осы тармақшада аталған, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және жоғары білім беру ұйымдарында күндізгі оқу нысаны бойынша білім алатын он сегіз жастан асқан адамдардың жиырма үш жастан аспайтын шекте оқуын бітіргенше әлеуметтік төлемдер алуға құқығы бар;

2) егер қайтыс болған (сот хабар-ошарсыз кетті деп таныған немесе қайтыс болды деп жариялаған) асыраушының үш жасқа толмаған балаларының, аға-інілерінің, апа-сіңлілерінің немесе немерелерінің күтімімен айналысатын болса, жасына және еңбек етуге қабілеттілігіне қарамастан, ата-анасының біреуінің немесе жұбайының не атасының, әжесінің, аға-інісінің немесе апа-сіңлісінің асыраушысынан айырылған жағдайда төленетін әлеуметтік төлемдердің тағайындалуына және оларды алуға құқығы бар.

2. Міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесінің өздері үшін міндетті әлеуметтік аударымдар жүргізілген қатысушыларының – ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға тағайындалған әлеуметтік төлемдер Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес айырылып қалған әрбір ата-анасы үшін асырап алушыға, қорғаншыға төленеді.

3. Бала кезінен бірінші немесе екінші топтағы мүгедектер деп танылған адамдарға әлеуметтік төлемдер мүгедектік белгіленген мерзімге тағайындалады.

4. Асыраушысынан айырылған жағдайда төленетін әлеуметтік төлемді тағайындау үшін өтінішке:

1) жеке басты куәландыратын құжат;
2) отбасының құрамы туралы мәліметтер;
3) тұрғылықты жері туралы мәліметтер (мекенжай анықтамасы немесе ауылдық (селолық) округ әкімінің анықтамасы);

4) асыраушысының қайтыс болуы туралы куәліктің көшірмесі немесе соттың адамды хабар-ошарсыз кетті деп тану туралы немесе қайтыс болды деп жариялау туралы шешімі;

5) қайтыс болған (сот хабар-ошарсыз кетті деп таныған немесе қайтыс болды деп жариялаған) адаммен туыстық қатынастарын растайтын құжаттардың, неке қию (ерлі-зайыпты болу) туралы, қайтыс болған асыраушының балаларының туу туралы, асырап алу туралы куәліктерінің көшірмелері;

6) отбасы мүшелерінің күндізгі оқу нысаны бойынша білім алатын оқушылар немесе студенттер болып табылатыны туралы жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және жоғары білім беру ұйымдарынан алынған анықтама (оқу жылының басында жыл сайын жаңартылады);

7) қорғаншы етіп тағайындау туралы анықтама (қажет болған кезде);

8) мүгедектік тобын куәландыруды жүргізу және белгілеу туралы мәліметтер (он сегіз жасқа толмаған және осы жастан асқан балалары, оның ішінде асырап алған балалары, аға-інілері, апа-сіңлілері мен немерелері бала кезінен бірінші немесе екінші

топтағы мүгедектер деп танылған жағдайда);

9) банктерде және (немесе) банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарда ашылған банктік шотының нөмірі не түзеу мекемесінің қолма-қол ақшаны бақылау шоты туралы мәліметтер қоса беріледі.

5. Қайтыс болған (сот хабар-ошарсыз кетті деп таныған немесе қайтыс болды деп жариялаған) асыраушының асырауында болған, асыраушысынан айырылған жағдайда төленетін әлеуметтік төлемдердің тағайындалуына және оларды алуға құқығы бар отбасының барлық мүшелеріне бір әлеуметтік төлем тағайындалады.

6. Қайтыс болған (сот хабар-ошарсыз кетті деп таныған немесе қайтыс болды деп жариялаған) асыраушының асырауында болған отбасы мүшесінің жазбаша өтініші бойынша оның әлеуметтік төлемдегі үлесі бөлінеді және оған бөлек төленеді.

Әлеуметтік төлемнің үлесін бөлу әлеуметтік төлемдер тағайындау жөніндегі уәкілетті органға өтініш жасалған күннен бастап жүргізіледі.

7. Қайтыс болған (сот хабар-ошарсыз кетті деп таныған немесе қайтыс болды деп жариялаған) асыраушының асырауында болған отбасы мүшелері санының өзгергені туралы және тиісінше әлеуметтік төлемдерді қайта есептеу туралы шешімді қайтыс болған (сот хабар-ошарсыз кетті деп таныған немесе қайтыс болды деп жариялаған) асыраушының асырауында болған отбасы мүшесінің жазбаша өтініші негізінде әлеуметтік төлемдер тағайындау жөніндегі уәкілетті орган қабылдайды. Бұл ретте, әлеуметтік төлем мөлшері өтініш берілген күннен бастап, әлеуметтік төлем алуға құқығы бар отбасы мүшелерінің санына қарай тиісінше ұлғайтылады немесе азайтылады.

8. Асыраушысынан айырылған жағдайда төленетін ай сайынғы әлеуметтік төлем мөлшері республикалық бюджет туралы заңда белгіленген жалақының ең төмен мөлшерінің сексен пайызын шегеріп, әлеуметтік аударымдарды есептеу объектісі ретінде ескерілген табыстың орташа айлық мөлшерін табысты ауыстырудың, асырауындағылар санының және қатысу өтілінің тиісті коэффициенттеріне көбейту арқылы айқындалады.

Әлеуметтік аударымдарды есептеу объектісі ретінде ескерілген табыстың орташа айлық мөлшері әлеуметтік төлемге құқық басталған айдың алдындағы соңғы күнтізбелік жиырма төрт ай ішінде әлеуметтік аударымдар жүргізілген (осы кезеңде әлеуметтік аударымдарда үзілістердің болу-болмауына қарамастан) табыстар сомасын жиырма төртке бөлу арқылы айқындалады.

Асыраушысынан айырылған жағдайда төленетін әлеуметтік төлемдер қайтыс болған (сот хабар-ошарсыз кетті деп таныған немесе қайтыс болды деп жариялаған) асыраушының асырауында болған отбасы мүшелеріне қайтыс болған (сот хабар-ошарсыз кетті деп таныған немесе қайтыс болды деп жариялаған) асыраушының отбасы мүшесінің (мүшелерінің) әлеуметтік төлемдер алуға құқығы сақталатын уақыт кезеңі бойына ай сайын төленіп тұрады.

9. Асырауындағылар санының коэффициенті міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесінің өзі үшін әлеуметтік аударымдар жүргізілген қатысушысы қайтыс болғанға дейін оның асырауында болған адамдар санына қарай айқындалады және асырауында бір адам болса – 0,4, асырауында екі адам болса – 0,5, асырауында үш адам болса – 0,6, асырауында төрт және одан да көп адам болса – 0,8 болады.

Бұл ретте, табысты ауыстыру коэффициенті мен қатысу өтілінің коэффициенті осы Заңның 21-бабына сәйкес есептеледі.

10. Асыраушысынан айырылған жағдайда төленетін әлеуметтік төлем:

1) қайтыс болған (сот хабар-ошарсыз кетті деп таныған немесе қайтыс болды деп жариялаған) асыраушының асырауында болған, бала кезінен бірінші немесе екінші топтағы мүгедек деп танылған адамдарға мүгедектікті белгілеу мерзімі аяқталған күннен бастап қайта куәландыруға дейін;

2) отбасы мүшелерінің күндізгі оқу нысаны бойынша оқушы немесе студент болып табылатыны туралы жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және жоғары білім беру ұйымдарынан алынған анықтаманың қолданылу мерзімі аяқталған күннен бастап тоқтатыла тұрады. Асыраушысынан айырылған жағдайда төленетін әлеуметтік төлем анықтаманы кезекті ұсынған кезде тоқтатыла тұрған кезінен бастап қ а й т а ж а л ғ а с а д ы .

11. Асыраушысынан айырылған жағдайда төленетін әлеуметтік төлем:

1) қайтыс болған (сот хабар-ошарсыз кетті деп таныған немесе қайтыс болды деп жариялаған) асыраушының асырауында болған адамның қайтыс болуына байланысты тоқтатылады. Асыраушысынан айырылған жағдайда төленетін әлеуметтік төлем қайтыс болған айды қоса алғанда жүзеге асырылады;

2) қайтыс болған (сот хабар-ошарсыз кетті деп таныған немесе қайтыс болды деп жариялаған) асыраушының асырауында болған адамға мүгедектікті белгілеу мерзімі а я қ т а л ғ а н к ү н н е н б а с т а п ;

3) қайтыс болған (сот хабар-ошарсыз кетті деп таныған немесе қайтыс болды деп жариялаған) асыраушының асырауында болған адам он сегіз жасқа толған күннен бастап (он сегіз жасқа толғанға дейін мүгедек болып қалған адамдарды қоспағанда), ал аталған адам күндізгі оқу нысаны бойынша жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және жоғары білім беру ұйымдарында оқыған жағдайда жиырма үш жасқа толған күннен бастап тоқтатылады.

23-бап. Жұмысынан айырылған жағдайда төленетін әлеуметтік төлемді тағайындау және оның мөлшері

1. Жұмысынан айырылған жағдайда төленетін әлеуметтік төлем міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысушы жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі уәкілетті органға жұмыссыз ретінде тіркеуге өтініш жасаған күннен бастап тағайындалады.

2. Жұмысынан айырылған жағдайда төленетін әлеуметтік төлемді тағайындау үшін ө т і н і ш к е :

- 1) жеке басты куәландыратын құжат;
- 2) тұрғылықты жері туралы мәліметтер (мекенжай анықтамасы немесе ауылдық (селолық) округ әкімінің анықтамасы);
- 3) жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі уәкілетті органның анықтамасы;
- 4) банктерде және (немесе) банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарда ашылған банктік шотының нөмірі не түзеу мекемесінің қолма-қол ақшаны бақылау шоты туралы мәліметтер қоса беріледі.

3. Жұмысынан айырылған жағдайда төленетін әлеуметтік төлем мөлшері әлеуметтік аударымдар объектісі ретінде ескерілген табыстың орташа айлық мөлшерін тиісті табысты ауыстыру коэффициенттері мен қатысу өтілінің коэффициентіне көбейту арқылы айқындалады.

Әлеуметтік аударымдарды есептеу объектісі ретінде ескерілген табыстың орташа айлық мөлшері жұмысынан айырылуы бойынша әлеуметтік төлемге құқық басталған айдың алдындағы соңғы күнтізбелік жиырма төрт ай ішінде әлеуметтік аударымдар жүргізілген (осы кезеңде әлеуметтік аударымдарда үзілістердің болу-болмауына қарамастан) табыстар сомасын жиырма төртке бөлу арқылы айқындалады.

Бұл ретте, табысты ауыстыру коэффициенті 0,3 болады, ал қатысу өтілінің коэффициенті осы Заңның 21-бабына сәйкес есептеледі.

4. Міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесінің өзі үшін әлеуметтік аударымдар жүргізілген қатысушысына жұмысынан айырылған жағдайда төленетін әлеуметтік төлемдер:

ол үшін алты айдан он екі айға дейін әлеуметтік аударымдар жүргізілген жағдайда – бір айға;

ол үшін он екі айдан жиырма төрт айға дейін әлеуметтік аударымдар жүргізілген жағдайда – екі айға;

ол үшін жиырма төрт айдан отыз алты айға дейін әлеуметтік аударымдар жүргізілген жағдайда – үш айға;

ол үшін отыз алты айдан бастап және одан көп айларға әлеуметтік аударымдар жүргізілген жағдайда – төрт айға тағайындалады.

5. Міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесінің өзі үшін әлеуметтік аударымдар жүргізілген қатысушысы жұмысынан айырылған жағдайда төленетін әлеуметтік төлемді алып тұрған, бірақ жұмысқа орналасуына байланысты, жұмысынан айырылған жағдайда төленетін әлеуметтік төлем алу құқығынан айырылған жағдайда, кезекті әлеуметтік төлем жұмысынан айырылған жағдайда төленетін әлеуметтік төлем алған әрбір ай үшін сол уақыт ішінде міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесінің мұндай қатысушысына әлеуметтік аударымдар жүргізілген он екі айдың шегерілетіні негізге алына отырып, тағайындалады.

6. Жұмысынан айырылған жағдайда төленетін әлеуметтік төлем жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі уәкілетті орган алушыны есептен шығарған ай өткен соң

Т О Қ Т А Т Ы Л А Д Ы .

23-1-бап. Жүктілікке және босануға, жаңа туған баланы (балаларды) асырап алуға байланысты табысынан айырылған жағдайларда төленетін әлеуметтік төлемді тағайындау және оның мөлшері

1. Жүктілікке және босануға, жаңа туған баланы (балаларды) асырап алуға байланысты табысынан айырылған жағдайларда төленетін әлеуметтік төлем Қордан төленетін әлеуметтік төлемдер алуға құқығы бар міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесінің қатысушысына 2008 жылғы 1 қаңтардан бастап тағайындалады.

2. Жүктілікке және босануға, жаңа туған баланы (балаларды) асырап алуға байланысты табысынан айырылған жағдайларда төленетін әлеуметтік төлемді тағайындау үшін өтінішке:

1) жеке басты куәландыратын құжат;
2) тұрғылықты жері туралы мәліметтер (мекенжай анықтамасы немесе ауылдық (селолық) округ әкімінің анықтамасы);

3) еңбекке уақытша жарамсыздық парағы (парақтары);
4) жұмыс орнынан әлеуметтік қатердің басталуы алдындағы соңғы күнтізбелік он екі ай ішіндегі табыстары туралы белгіленген үлгідегі анықтама (анықтамалар);

5) банктерде және (немесе) банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарда ашылған банктік шотының нөмірі не түзеу мекемесінің қолма-қол ақшаны бақылау шоты туралы мәліметтер;

6) өзін-өзі жұмыспен қамтыған адамдардан әлеуметтік аударымдар келіп түскен жағдайда, қосымша:

дара кәсіпкер ретінде мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің көшірмесі;
салық органдары берген салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер бойынша салыстыру актісі қоса беріледі.

3. Жүктілікке және босануға, жаңа туған баланы (балаларды) асырап алуға байланысты табысынан айырылған жағдайларда төленетін әлеуметтік төлем денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган белгілеген тәртіппен берілген еңбекке уақытша жарамсыздық парағында көрсетілген бүкіл кезеңге тағайындалады.

4. Жүктілікке және босануға, жаңа туған баланы (балаларды) асырап алуға байланысты табысынан айырылған жағдайларда төленетін әлеуметтік төлем мөлшері әлеуметтік аударымдарды есептеу объектісі ретінде ескерілген табыстың орташа айлық мөлшерін еңбекке жарамсыздық күндері санының тиісті коэффициентіне көбейту арқылы айқындалады.

Әлеуметтік аударымдарды есептеу объектісі ретінде ескерілген табыстың орташа айлық мөлшері әлеуметтік төлемге құқық басталған айдың алдындағы соңғы күнтізбелік он екі ай ішінде әлеуметтік аударымдар жүргізілген (осы кезеңде әлеуметтік аударымдарда үзілістердің болу-болмауына қарамастан) табыстар сомасын

он екіге бөлу арқылы айқындалады.

Еңбекке жарамсыздық күндері санының коэффициенті еңбекке уақытша жарамсыздық парағы берілген күндер санын күнтізбелік отыз күнге бөлу арқылы айқындалады.

5. Егер бұл еңбек шартының және (немесе) ұжымдық шарттың талаптарында, жұмыс берушінің актісінде көзделсе, жұмыс беруші Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес жүктілікке және босануға, жаңа туған баланы (балаларды) асырап алуға байланысты табысынан айырылған жағдайда төленетін әлеуметтік төлем сомасын шегергендегі орташа жалақысын сақтай отырып, жүктілікке және босануға байланысты демалысқа, жаңа туған баланы (балаларды) асырап алған қызметкерлерге берілетін демалысқа ақы төлейді.

23-2-бап. Бала бір жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты табысынан айырылған жағдайда төленетін әлеуметтік төлемді тағайындау және оның мөлшері

1. Бала бір жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты табысынан айырылған жағдайда төленетін әлеуметтік төлем міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесінің өзі үшін әлеуметтік аударымдар жүргізілген және Қордан төленетін әлеуметтік төлемдер алуға құқығы бар қатысушысына 2008 жылғы 1 қаңтардан бастап тағайындалады.

2. Бала бір жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты табысынан айырылған жағдайда төленетін әлеуметтік төлем екі және одан да көп бала туған кезде әр балаға жеке тағайындалады.

3. Бала бір жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты табысынан айырылған жағдайда төленетін әлеуметтік төлемді тағайындау үшін өтінішке:

1) жеке басты куәландыратын құжат;
2) тұрғылықты жері туралы мәліметтер (мекенжай анықтамасы немесе ауылдық (селолық) округ әкімінің анықтамасы);

3) баланың (балалардың) туу туралы куәлігінің көшірмесі, сондай-ақ оны салыстыру үшін түпнұсқасы;

4) отбасының құрамы туралы мәліметтер;

5) бала бір жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты табысынан айырылу фактісін растайтын құжат: қызметкерлер үшін – бала бір жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты табысынан айырылған жағдайда төленетін әлеуметтік төлемді тағайындауға өтініш жасаған міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесінің өзі үшін әлеуметтік аударымдар жүргізілген қатысушысы бала күтіміне байланысты жалақысы сақталмайтын демалыста екені туралы жұмыс беруші бұйрығының үзінді көшірмесі; әлеуметтік аударымдарды есептеуді және төлеуді жүзеге асыратын өзін-өзі жұмыспен қамтыған адамдар (салық төлеушілер) үшін – олардың қызметін тоқтата тұру туралы салық органына берген өтінішінің көшірмесі;

б) банктерде және (немесе) банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге

асыратын ұйымдарда ашылған банктік шотының нөмірі не түзеу мекемесінің қолма-қол ақшаны бақылау шоты туралы мәліметтер;

7) бір жасқа толмаған баланы (балаларды) асырап алған жағдайларда – қорғаншылық немесе қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын орган берген баланы (балаларды) асырап алу туралы сот шешімінен үзіндінің көшірмесі;

8) бір жасқа толмаған балаға (балаларға) қорғаншылық белгіленген жағдайларда – қорғаншылық немесе қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын орган шешімінің көшірмесі қоса беріледі.

4. Бала бір жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты табысынан айырылған жағдайда төленетін әлеуметтік төлем баланың туу туралы куәлігінде көрсетілген туған күнінен бастап ол бір жасқа толған күнді қоса алғандағы мерзімге дейін тағайындалады.

Бір жасқа толмаған бала қайтыс болған жағдайда, әлеуметтік төлемдер қайтыс болған айды қоса алғанда төленеді.

5. Бала бір жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты табысынан айырылған жағдайда төленетін ай сайынғы әлеуметтік төлемдер табыстың орташа айлық мөлшерін табысты ауыстыру коэффициентіне көбейту арқылы айқындалады.

Әлеуметтік аударымдарды есептеу объектісі ретінде ескерілген табыстың орташа айлық мөлшері әлеуметтік төлемге құқық басталған айдың алдындағы соңғы жиырма төрт ай ішінде әлеуметтік аударымдар жүргізілген (осы кезеңде әлеуметтік аударымдарда үзілістердің болу-болмауына қарамастан) табыстар сомасын жиырма төртке бөлу арқылы айқындалады.

Табысты ауыстыру коэффициенті 0,4 болады.

Бұл ретте, бала бір жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты табысынан айырылған жағдайда төленетін әлеуметтік төлемнің ең жоғары мөлшері республикалық бюджет туралы заңда белгіленген ең төмен жалақының он еселенген мөлшерінің қырық пайызынан аспауға, ал әлеуметтік төлемнің ең төмен мөлшері бала бір жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты берілетін ай сайынғы мемлекеттік жәрдемақы мөлшерінен кем болмауға тиіс.

6. Алушы қайтыс болған (сот хабар-ошарсыз кетті деп таныған немесе қайтыс болды деп жариялаған), ата-ана құқықтарынан айырылған немесе олар шектелген, бас бостандығынан айыру орындарында жазасын өтеп жүрген жағдайларда, бала бір жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты табысынан айырылған жағдайда төленетін әлеуметтік төлем баланы мемлекеттің толық қамсыздандыруы белгіленген жағдайларды қоспағанда, бала бір жасқа толғанға дейін оның күтімін жүзеге асыратын адамға, мынадай құжаттар:

1) жеке басты куәландыратын құжат;

2) бала бір жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты табысынан айырылған жағдайда төленетін әлеуметтік төлем алушының қайтыс болуы туралы куәліктің,

соттың хабар-ошарсыз кетті деп тану туралы немесе қайтыс болды деп жариялау туралы, ата-ана құқықтарынан айыру немесе оларды шектеу туралы шешімінің, соттың бас бостандығынан айыру орындарында жазасын өтеуі туралы үкімінің көшірмелері;

3) соттың бала асырап алу туралы заңды күшіне енген шешімінің үзінді көшірмесі;

4) қорғаншы етіп тағайындау туралы анықтама негізінде жүргізіледі.

7. Бала (балалар) бір жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты табысынан айырылған жағдайда төленетін әлеуметтік төлем:

1) бала (балалар) қайтыс болған ай өткен соң;

2) баланы (балаларды) мемлекеттің толық қамсыздандыруы белгіленген ай өткен соң ;

3) ата-анасы ата-ана құқықтарынан айырылған немесе олар шектелген, асырап алу туралы шешім жарамсыз деп танылған немесе оның күші жойылған, Қазақстан Республикасының неке-отбасы заңнамасында белгіленген жағдайларда, қорғаншылар өз міндеттерін орындаудан босатылған немесе шеттетілген ай өткен соң тоқтатылады.»;

14) 24 - бап алып тасталсын ;

15) мынадай мазмұндағы 27-1-баппен толықтырылсын:

«27-1-бап. Қордың басшы қызметкерлеріне қойылатын талаптар

1. Атқарушы органның бірінші басшысы мен оның орынбасарлары, бас бухгалтер Қордың басшы қызметкерлері болып танылады.

2. Қордың басшы қызметкерлеріне мынадай талаптар белгіленеді:

1) атқарушы органның бірінші басшысы мен оның орынбасарлары үшін:

білімі – жоғары кәсіптік (заң, қаржы-экономикалық) білімі;

бағалы қағаздар нарығында және қаржы нарығындағы қызметті жүзеге асыратын ұйымдарда кәсіптік қызметпен тікелей байланысты басшы лауазымдарда кемінде бес жыл жұмыс өтілі не халықты әлеуметтік қорғау саласында басшы лауазымдарда кемінде алты жыл жұмыс өтілі;

2) бас бухгалтер үшін:

білімі – жоғары кәсіптік (қаржылық, экономикалық) білімі;

қаржы-бухгалтерлік жұмыста кемінде бес жыл, оның ішінде басшы лауазымдарда кемінде бес жыл жұмыс өтілі болуы керек.

3. Қордың басшы қызметкері болып:

1) жоғары кәсіптік білімі жоқ;

2) осы баптың 2-тармағында көзделген қызмет салаларында ең аз қажетті жұмыс өтілі жоқ ;

3) мінсіз іскерлік беделі жоқ;

4) бұрын осы адам заңды тұлғаның бірінші басшысы, бірінші басшысының орынбасары, бас бухгалтері лауазымында болған кезеңде банкрот деп танылған немесе санацияға, консервациялауға, мәжбүрлеп таратуға ұшыраған осы заңды тұлғаның бірінші басшысы, бірінші басшысының орынбасары, бас бухгалтері болған адам

сайлана (тағайындала) алмайды.»;

16) 28-баптың екінші бөлігі алып тасталсын;

17) 29-баптың 1-тармағы:

мынадай мазмұндағы 2-1) тармақшамен толықтырылсын:

«2-1) міндетті әлеуметтік сақтандыру мәселелері бойынша консультациялық және түсіндіру жұмыстарын жүргізуге;»;

5) тармақшадағы «алуға құқығы бар.» деген сөздер «алуға;» деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 6) тармақшамен толықтырылсын:

«6) осы Заңда белгіленген тәртіппен артық (қате) төленген әлеуметтік аударымдар және (немесе) әлеуметтік аударымдарды уақтылы және (немесе) толық төлемегені үшін өсімпұлдар сомасын қайтаруды жүзеге асыруға құқығы бар.»;

18) 31-бап мынадай мазмұндағы 3-тармақпен толықтырылсын:

«3. Қордың активтеріне өндіріп алуды қолдануға жол берілмейді.».

5. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Қазақстан Республикасында қор нарығын дамыту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2012 жылғы 12 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2012 ж., № 2, 14-құжат):

1-баптың 9-тармағы 3) тармақшасының үшінші абзацы алып тасталсын;

2-баптың 1-тармағының 2) тармақшасындағы «3) тармақшасының үшінші абзацын,» деген сөздер алып тасталсын.

6. «Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы» 2012 жылғы 16 ақпандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2012 ж., № 5, 40-құжат; 2013 ж., № 1, 128-құжат; 2013 жылғы 22 қаңтарда «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2013 жылғы 15 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңы) :

1) 48-баптың үшінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Мерзімді қызмет әскери қызметшілері қысқа мерзімді демалысқа барған және кері қайтқан кезде, әскери оқу орындарының (әскери факультеттердің) курсанттары каникулдық демалысқа және тағылымдамадан өтуге барған кезде, сондай-ақ кері қайтқан кезде оларға мемлекет есебінен теміржол, су және автомобиль көлігімен жол жүру құқығы беріледі. Шетелдік әскери оқу орындарында білім алатын курсанттарға каникулдық демалысқа барған және кері қайтқан кезде мемлекет есебінен әуе көлігімен жол жүру құқығы да беріледі.

Мерзімді қызмет әскери қызметшілеріне, әскери оқу орындарының бірінші және екінші курс курсанттарына Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын мөлшерде почта жөнелтілімдеріне арналған өтемақы да төленеді.»;

2) 51-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Әскери қызметін өткеру кезеңінде әскери қызметші немесе әскери жиындарға шақырылған әскери міндетті қаза тапқан (қайтыс болған) жағдайда, оған мүгедектік белгіленген кезде немесе ол әскери қызмет міндеттерін орындауға байланысты мертіккен жағдайда біржолғы өтемақы төлеу Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын тәртіппен жүргізіледі.».

2-бап. Осы Заң алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Президенті

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
Н. Назарбаев

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК